




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2
0
2
5



И.Х.Аяпбергенова

«ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНДЕГІ ҒАЖАЙЫПТАР»
(әдістемелік құрал)

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**«ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНДЕГІ ҒАЖАЙЫПТАР»
(әдістемелік құрал)**

АҚТӨБЕ - 2025

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде
қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырған: **И.Х.Аяпбергенова**, Ақтөбе қаласы, №32 «Қуаныш»
балабақшасының тәрбиешісі


Пікір жазғандар:

А.А.Искендірова, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері,
п.ғ.магистрі

С.О.Жубаева, Ақтөбе облыстық орталығының бөлім басшысы, ф.ғ.магистрі

Әдістемелік құрал мектепалды даярлық топ тәрбиешілеріне арналған.

Әдістемелік құралдың негізі мектепалды даярлық топ балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған, балалар театр қойылымдарын сахналау әдіс-тәсілдерін меңгеріп, түрлі ертегі кейіпкерлерін жасауды үйренеді. Әдістемелік құрал коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жүзеге асырылады.



Ақтөбе қаласының
№32 «Қуаныш» балабақшасының
тәрбиешісі И.Х.Аяпбергенованың
«Ертегілер әлеміндегі ғажайыптар» атты
әдістемелік құралына

Пікір

Бала тәрбиесі отбасынан басталды десекте, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбіне балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Туған жерін, халқын сүйетін, ана тілін, тарихын, мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жақсы білетін, салауатты дасаналы ұрпақ тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі тәрбиеден басталуы тиіс. Сол себепті де бүгінгі таңда ұлттық сананы дамыту үшін балабақшада тәрбие, білім беру жұмысын жаңа деңгейге көтеру мақсатында шығармашылық, ізденімпаздықпен іске жұмылу жалғасын тапса. Заманның алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы мектепке дейінгі ұйымынан басталғаны орынды.

Көркем әдебиет театры баланың дүние танымын кеңейтеді, білімін шындайды, адамгершілік сезімін оятады, диалогтік қарым-қатынас орнатады, тілін байытады, эстетикалық тәрбие қалыптастырады. Көркем әдебиет театрына арналған бұл бағдарлама ертегі айтуға, әңгімелеп беруге, мәнерлеп оқуға суретке қарап әңгіме құрастыруға, өлеңді жаттап алуға, шытырман сызықтарды шешуге, жұмбақтар, мақал-мәтелдер әлеміне енуге арналған шығармалар берілген.

«Ертегілер әлеміндегі ғажайыптар» бағдарламасында баланың қиялына ерік беріледі. Берілген тақырып төңірегінде балаға өзінің қиялын сөзбен жеткізу ұсынылады. Ертегілер баланың қиялын дамытып, шығармашылығын шындап қана қоймай бала өз ойына, қиялына ерік береді деп санаймын. Бағдарлама құрылымы, мазмұны және күрделілігі жағынан мектепке дейінгі мекемелердің қоятын талаптар деңгейіне сәйкес келеді және мектепке дейінгі ұйымдағы балаларды тәрбиелеу барысында қолдануға лайық деп санаймын.

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының бөлім басшысы, ф.ғ.м.

 С.Жубаева